
Пресс-релиз

г. Астана, 27 қараша 2013 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылдың 9 айындағы өндірістік-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы хабарлайды.

Шоғырландырылған мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау мен айдаудың көлемі 49 млн. 271 мың тоннаны құрады, жоспарлы межеден 3% және 2012 жылдың 9 айындағы ұқсас нәтижесінен 1% жоғары.

Шоғырландырылған мұнай айналымы 34 млрд. 107 млн. тонна-километрді құрады, бұл жоспарлы межеден 11% және 2012 жылдың 9 айындағы ұқсас көрсеткішінен 9% жоғары.

Есеп беру кезеңі бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына Астрахань – Маңғыстау суағызғысы арқылы су беру көлемі 17 млн. 840 мың текше метр болды, бұл жоспарлы межеден 14,5% және 2012 жылдың 9 айындағы ұқсас көрсеткішінен 2,2% жоғары.

2013 жылдың 9 айындағы аралық шоғырландырылған қаржы есеп-қисабы кейін жарияланады – 2013 жылдың 30 желтоқсанына дейінгі аралықта. Бұл кідіріс Компанияның есеп саясатына сәйкес өткізілетін 2013 жылдың 31 шілдедегі күйіне сай негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау қорытындысын 2013 жылдың 30 қыркүйектегі күйіне сай «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржы есеп-қисабында көрсету қажеттілігімен туғызылды.